

Бекітемін

Колутон ауылының жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры  А.Аксеитова

05 01 2026ж.

2025-2026 оқу жылындағы Колутон ауылының ЖОББ мектебінің
жанындағы шағын орталықтың

ЦИКЛОГРАММАСЫ

Орта топ

Тәрбиеші:Хасенова Г.Б.

ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйегіндегі №394 бұйрығына 2 қосымша, 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрық , №348 бұйрықтар негізінде құрылған 194 бұйрық 1, 2 қосымша , 26 мамыр 2025 №123 бұйрық «Адал азамат»Біртұтас тәрбие құндылықтары негізінде жасалып, «Адалдық әліппесі» бойынша дидактикалық ойындар жинағы кіріктірілген.

**Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 1-апта
Ортаңғы 3-жас
Заң және тәртіп айы**

Апта Дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.01.2026	Сейсенбі 06.01.2026	Сәрсенбі 07.01.2026 Демалыс	Бейсенбі 08.01.2026	Жұма 09.01.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен күтіп алу, әр баланы атымен атап, үйде нестеді ,немен айналысты , демалыста қайда қыдырды сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Балалар жиналған соң ҚР гимн орындату	Баланы есік алдында күлімдеп қарсы алу. Қолын ұстап, топқа бірге кіру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу		Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Үнемдеу Балаға артық шығынның қажет еместігін іс жүзінде көрсету туралы кеңес беру Баламен бірге су мен шамды өшіруді жасау.	Баланың еңбек дағдысын ойын арқылы дамыту жолдары. Қарапайым тұрмыстық тапсырмалар (қол орамалды орнына қою, кітапты сөреге қою).		3 жасқа сай еңбек түрлері: гүлге су құюға көмектесу, киімін орнына қою. Шағын еңбекті жүйелі түрде орындауға баулу. Ата-ана мен баланың бірге еңбектенуінің тәрбиелік мәні.	Баланы еңбекке үйретуде жылы сөз, мадақтау маңыздылығы. Баланың кішкентай жетістігін мойындап отыру. «Сенің көмегің бізге өте пайдалы болды!» деген қарапайым сөздердің тәрбиелік күші
Балалардың іс-әрекеті	Тақырыбы: К және Қ дыбыстарын тыңдаймыз	Тақырыбы: К және Қ дыбыстарын дұрыс айтамыз		Тақырыбы: Тыңдаймыз және түсінеміз	Тақырыбы: Сөзді бірге айтамыз

(ойын, танымдық, коммуника- тивтік, шығарма-- шылдық, эксперимен- талдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Міндеті: К және Қ дауыссыз дыбыстарын естіп тануға және анық айтуға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: К және Қ дыбыстарын жеке айтып көрсету, балалар айна алдында артикуляциялық жаттығулар орындайды, дыбыстарды сөз ішінде жекеше түрде қайталайды Көркем әдебиет: К және Қ дыбыстары бар қысқа өлең немесе мәтіннен сөздерді қосылып айту ұйымдастырылады Нәтиже: Балалар К және Қ дыбыстарын естіп ажыратады және айтуға талпынады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Міндеті: К және Қ дыбыстарының артикуляциясын нақтылау және бекіту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған жаттығулар орындалады, К және Қ дыбыстары бар сөздер жекеше түрде айтқызады Көркем әдебиет: Оқылған шығармадан мәнерлі сөздер мен қарапайым сөз тіркестері балалармен бірге қайталанады Нәтиже: Балалар К және Қ дыбыстарын анық айтуға тырысады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті		Міндеті: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдысын дамыту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тәрбиешінің нұсқауын тыңдап, қарапайым тапсырмаларды орындайды Көркем әдебиет: Қысқа әңгіме немесе өлең оқылып, ең қызықты үзінділерін балалармен бірге қайталау ұйымдастырылады Нәтиже: Балалар ересектердің сөзін тыңдап, түсіне алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Міндеті: Дыбыстарды дұрыс айту, жекеше сөздерді қолдану және байланыстырып сөйлеуді бекіту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: К және Қ дыбыстары бар сөздер жекеше түрде айтылып, артикуляциялық жаттығулар қайталанады Көркем әдебиет: Оқылған шығармадан ең мәнерлі сөздер мен сөз тіркестері қосылып айтылады Нәтиже: Балалар дыбыстарды анық айтып, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айта алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Жаттығу №1 Секірулер (2-3 минут) – бала өз орнында жеңіл секіріп ойнауы керек. Қол шапалақтау (2 минут) – орындарында тұрып, жоғары және төмен қол шапалақтау. Шеңбер жасау (2 минут) – бала қолдарын жайып, денесін шеңбер жасап айналдырады. - Орындарынан секіру	Жаттығу №2 Жүру және тоқтау ойыны (5 минут) – бала бөлменің ішінде жүреді, "Тоқта!" деген сигналды естігенде тоқтайды. Аюша еңбектеу (2 минут) – бала еденде төрт аяқтап аюша еңбектейді. - Допты домалату (5 минут) – допты алға-артқа домалатып ойнау.		Жаттығу №4 Қолдармен иықтарға тигізу (2 минут) – бала қолдарын жоғары көтеріп, иығына тигізеді. Аяқпен жорғалау (5 минут) – аяқтарын алдыға тартып, жерде жорғалап жүру. Жеңіл секірулер (3 минут) – бала өз орнында жеңіл секіре алады.	Жаттығу №5 Би (5 минут) – балаға ұнайтын әуенді қосып, еркін би қимылдарын жасау. Кемпірқосақ жасау (2 минут) – бала қолдарын жоғары көтеріп, үлкен доға жасап, кемпірқосақ бейнесін жасайды. Допты жоғары лақтыру (3 минут) – бала допты

					жоғары лақтырып, ұстап алады.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі Тақырыбы: Тілдік ортада сөйлейміз Міндеті: Тілдік дамытушы орта арқылы балаларды сұрақтарға жауап беруге баулу Іс-әрекеті: Тәрбиеші балалармен қарапайым сұрақ-жауап ұйымдастырады. Балалар өзіне айтылған сөзді тыңдап, түсініп жауап береді. Қысқа әңгіме барысында балалардың сөйлеуге белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі Нәтиже: Балалар өзіне қойылған сұрақты түсініп, жауап беруге талпынады "Үнемділікке баулу" Міндеті: Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. Ойын: "Кранды жап" Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң,	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Арқанмен жүру Міндеті: Арқаннан ұстап жүру арқылы тепе-теңдікті сақтауға үйрету Іс-әрекеті: Балалар арқаннан ұстап, белгіленген бағытта жүреді. Жүру барысында дене қалпын дұрыс ұстауға назар аударылады. Қырлы тақтайдың бойымен жай жүру орындалады Нәтиже: Балалар арқаннан ұстап жүріп, тепе-теңдікті сақтай алады Айлық тақырып негізінде Тақырыбы: Тәртіп деген не Міндеті: Балаларға тәртіп ұғымын қарапайым түрде түсіндіру Іс-әрекеті: Тәрбиеші топтағы тәртіп ережелері туралы әңгіме жүргізеді. Балалар дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді ажыратады. Қарапайым жағдаяттар арқылы тәртіптің маңызы көрсетіледі Нәтиже: Балалар тәртіп ұғымын түсінеді Қаржылық сауаттылық – ақша		Дене тәрбиесі Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтаймыз Міндеті: Қырлы тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті дамыту Іс-әрекеті: Балалар қырлы тақтайдың бойымен алға қарай жүреді. Арқаннан ұстап жүру жаттығуы қайталанатын. Жай жүруден жүгіруге ауысу элементтері қосылады Нәтиже: Балалар тепе-теңдігін сақтап жүре алады Айлық тақырып негізінде Тақырыбы: Ереже бәріне ортақ Міндеті: Ортақ ережелерді сақтауға баулу Іс-әрекеті: Балабақшадағы күн тәртібімен таныстыру жүргізіледі. Балалар ойын барысында ережеге бағынуды үйренеді. «Дұрыс па, бұрыс па» ойыны ойнатылады Нәтиже: Балалар ортақ ережелерді сақтауға тырысады Үнемді пайдалану	Музыка Тақырыбы: Ақырын және қатты дыбыс Міндеті: Музыкадағы дыбыстың күшін ақырын және қатты ажыратуға үйрету Іс-әрекеті: Музыкалық шығарма тыңдатылады. Тәрбиеші дыбыс ақырын шыққанда балалардан тыныш қимыл жасауды, қатты шыққанда белсенді қимыл жасауды сұрайды. Қарапайым әнді ақырын және қатты дауыспен айту жаттығылады Нәтиже: Балалар дыбыстың ақырын және қатты екенін ажыратады Өрт қауіпсіздігі Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді. Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.

	кранды жабу әрекетін қайталау.	Іс-әрекет: Жасанды ақша беріп, ойыншық сатып алу ойыны. Ұлттық құндылық: «Еңбек – байлықтың кілті».мақалын қайталату		"Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету) Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.	
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу		Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру, Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру. Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	Серуен картотекасы №1 Қар жауып тұр. Ойын: «Қарды ұстайық!» Барысы: Балалар алақандарымен қарды ұстап көреді, тәрбиеші: “Қар суық па? Ақ па?” — деп бағыт береді. Еңбек: Қарды совокпен жинау. Тіл дамыту: Ақ, суық, қар. Экология: Қарды жерге тастамау — үнемшіл болу. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары	Серуен картотекасы №2 Ағаш бұтақтарындағы қар. Ойын: «Ағаштарға көмектесеміз» Барысы: Балалар қолымен қарды сілкілейді, тәрбиеші: “Міне, ағаштар жеңілдеп қалды”. Еңбек: Қар тазалау. Эксперимент: Қарды алақанға салып, ерігенін бақылау. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру		Серуен картотекасы №4 Аяз және мұз. Ойын: «Мұз қатты ма?» Барысы: Балалар мұзды ұстап, оның суық әрі тайғақ екенін байқайды. Эксперимент: Мұзды жылы алақанға салу – еруін бақылау. Тәрбиеші: “Қатты зат – мұз, жылыда ериді.” Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №5 Қардан мүсін жасау. Ойын: «Қар адам жасайық» Барысы: Балалар қарды домалатып, тәрбиешімен бірге қар адам тұрғызады. Еңбек: Шелек, күрек қолдану. Тіл дамыту: Қар, мұрын, көз, шелек. Экология: Артық қарды ысырап етпеу. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру

	Қоршаған әлеммен таныстыру				
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру		Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Балалармен жеке жұмыс	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Міндет: Коммуникативтік дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы: Тәрбиеші балаларға қарапайым сұрақтар қояды, балалар қысқа жауап береді	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Баланың сөйлеуге деген қызығушылығын ояту, сөздерді анық және дұрыс айтуға үйрету. Баламен күнделікті тақырыптарда сөйлесу (ойыншықтар, жануарлар, тамақ, отбасы туралы). Сұрақ қою: «Бұл не?», «Бұл қандай?» Баланың жауабын тыңдап, қажет болса, сөздерін толықтыру.		Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Қимылдар арқылы сөздерді есте сақтауға үйрету. «Кім не істеп жатыр?» ойыны. Балаларға жануарлардың қимылдарын көрсетуін сұрау («Мысық қалай жүреді?», «Құстар қалай ұшады?»).«Жасырылған затты тап» ойыны. Балаға затты сипаттау арқылы табуға көмектесу.	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Ән айту және еліктеу арқылы Баланың сөздерді түсініп айтуын дамыту.Жеңіл әндерді тыңдау («Қуырмаш» сияқты).Баладан әннің кейбір сөздерін қайталауын сұрау
Балалардың үйге қайтуы	Балалардан ертеңгі күнге қандай іспен айналысқысы келетінін сұрау.	Ата-аналарға балалардың бүгінгі белсенділігі туралы айту		.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 2-апта
Ортаңғы 3-жас
Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.01.2026	Сейсенбі 13.01.2026	Сәрсенбі 14.01.2026	Бейсенбі 15.01.2026	Жұма 16.01.2026
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренету Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: Бір затты атаймыз Міндеті: Зат есімдерді жекеше түрде қолдануға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Бір заттың суреті көрсетіліп, атауы жекеше түрде айтқызады, сөзді дұрыс айтуға назар аударылады Көркем әдебиет: Мәтіннен бір затты білдіретін сөздер таңдалып, балалармен бірге қайталанады Нәтиже: Балалар зат есімдерді жекеше түрде дұрыс қолданады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: К дыбысы сөз басында Міндеті: К дыбысын сөз басында анық айтуға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: К дыбысы бар жекеше сөздерді баяу, анық айтқызу, артикуляциялық жаттығулар орындау Көркем әдебиет: К дыбысы жиі кездесетін өлең жолдарын қосылып айту Нәтиже: Балалар К дыбысын сөз басында анық айтады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Қ дыбысы сөз басында Міндеті: Қ дыбысын дұрыс артикуляциялауға дағдыландыру Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Қ дыбысының айтылуын айна арқылы көрсету, жекеше сөздерді қайталау Көркем әдебиет: Қ дыбысы бар мәнерлі сөздерді мәтіннен қайталау Нәтиже: Балалар Қ дыбысын айтуға талпынады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: К және Қ дыбыстарын ажырату Міндеті: К және Қ дыбыстарын есту арқылы ажыратуға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тәрбиеші айтқан сөзден К немесе Қ дыбысын табу Көркем әдебиет: Қысқа мәтіннен К және Қ дыбысы бар сөздерді бірге айту Нәтиже: Балалар К және Қ дыбыстарын ажырата алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Бір зат бір сөз Міндеті: Зат есімдерді жекеше түрде бекіту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Бір заттың суреті көрсетіліп, атауы жекеше түрде айтқызу Көркем әдебиет: Мәтіннен жекеше зат есімдерді қосылып айту Нәтиже: Балалар зат есімдерді жекеше түрде қолданады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті
Танертенгі жаттығу	№6 жаттығу Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңберді кеңейтіп және тарылтып жүреді.	№7 жаттығу Балалар шағын топ болып бір-бірінің соңынан тізіліп, «жыланша» жүреді. Белгіде тоқтап, иықтарын айналдырады.	Жаттығу №3 Қолдарын жоғары көтеріп созылу (2 минут) — бала биікке жетуге тырысып, қолдарын жоғары созады. Қабырғамен жүру (5 минут) — қабырғаға жақын жүріп, қолмен тірек етіп жүру. Қоянша секіру (3 минут) — екі аяқпен жерден жоғары секіру.	№9 жаттығу Балалар оң иықпен, кейін сол иықпен шеңбер бойымен жүреді.	№10 жаттығу Балалар орындарында тұрып, аяқтың ұшымен жүреді, содан кейін өкшемен жүруге ауысады.

ҮІӨ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі Тақырыбы: Дыбыстарды анық айтамыз Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру Іс-әрекеті: Артикуляциялық жаттығулар орындалады. Тәрбиеші сөздерді анық айтып, балаларға қайталатады. Балалардың дыбыстарды дұрыс айтуына назар аударылады Нәтиже: Балалар сөздерді анық айтуға тырысады "Жарықты сөндірі" Мақсаты: Электр энергиясын үнемдеуді үйрету. барысы: Балалар ойын бөлмесінен шығарда жарықты сөндіруді үйренеді. Мұны әдетке айналдыру үшін, әр шығуда бірге жарықты сөндіріп тұрыңыз.	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Жүгіреміз және бағытты өзгертеміз Міндеті: Әртүрлі бағытта жүгіру дағдысын қалыптастыру Іс-әрекеті: Балалар алаңда алға, жан-жаққа бағытты өзгертіп жүгіреді. Жай жүруден жүгіруге және керісінше ауысу орындалады Нәтиже: Балалар әртүрлі бағытта еркін жүгіреді Қаржылық сауаттылық – сандық Кішкентай сатып алушы» Балалар қуыршақ ақша алып, себетке ойыншық нан, алма, су салады. Ақшаны неге үнемдейміз? Айлық тақырып негізінде Тақырыбы: Мен және менің міндетім Міндеті: Өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үйрету	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Лақтырамыз және еңбектейміз Міндеті: Домалату, лақтыру, қағып алу және еңбектеу дағдыларын дамыту Іс-әрекеті: Балалар допты домалатады, қағып алады. Оң және сол қолмен тік нысанаға лақтыру орындалады. Доғаның астымен еңбектеу жаттығуы ұйымдастырылады Нәтиже: Балалар допты лақтырып, қағып алып, еңбектей алады Өнегелі мінез-құлықты қалыптастыру Балалармен бірге «ең жақсы дос» болу туралы әңгіме жүргізу, бір-біріне көмектесу мен қамқор болудың маңыздылығын түсіндіру. Құрмет, мейірімділік және төзімділік туралы мысалдар келтіру.	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Секіреміз және шанамен сырғанаймыз Міндеті: Секіру және спорттық жаттығуларды орындауға үйрету Іс-әрекеті: Балалар 15–20 см биіктіктен секіреді. Бір-бірін шанамен сырғанату ойыны ұйымдастырылады. Алдыңғы қимылдар қысқаша қайталанады Нәтиже: Балалар секіруді орындайды және спорттық ойындарға белсенді қатысады Қаржылық сауаттылық – сандық Іс-әрекет: Ақшаны сандыққа жинау ойыны. Ұлттық құндылық: «Тиыннан теңге құралады» қайталату	Музыка Тақырыбы: Жылдам және баяу Міндеті: Музыканың қарқынын байқауға үйрету Іс-әрекеті: Балалар жылдам және баяу әуендерді тыңдайды. Әуенге сәйкес қимыл жасайды. Қарапайым әнді баяу және жылдам қарқынмен айту ұйымдастырылады Нәтиже: Балалар музыканың қарқынын ажырата алады Адалдық әліппесі негізінде Міндеті: Адал болуға баулу. Іс-әрекет барысы: «Жоғалған ойыншық» ойыны – тапқан баладан шындықты айтуын сұрау. Адалдық әліппесі негізінде Іс-әрекет: «Өз ойыншығын қайтар» ойыны. Ұлттық құндылық: «Адалдық – ардың ісі» мақалын қайталату

		Іс-әрекеті: Балалар өз міндеттері туралы әңгімелейді. Топта тазалық сақтау, ойыншықты орнына қою әрекеттері орындалады Нәтиже: Балалар өз міндетін түсінеді			
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру, Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру. Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	Серуен картотекасы №11 Міндеті: Балаларды бірге ойнауға үйрету. Іс-әрекеттер барысы: Балалар қол ұстасып шеңбер құрады, бірге әндетіп жүреді. «Достар шеңбері» ойынын ойнайды. Жолдан шықпау, тәрбиешіден алыс кетпеу. (мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)	Серуен картотекасы №12 Мақсаты: Домалату, лақтыру, ұстау әрекеттерін дамыту. Бөлмеде: Допты домалату, ұстап алу. Далада: Қардан “доп” жасап, бір-біріне лақтыру. Ойын: «Кімге барады?» Барысы: Балалар допты бір-біріне домалатады, “Алу”, “Лақтыр” сөздерін қайталайды. . (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру, қауіпсіздік сақтау дағдысы)	Серуен картотекасы №3 Құстарға жем салу. Ойын: «Құстарды шақырамыз!» Барысы: Тәрбиеші жем шашады, балалар “шиқ-шиқ” деп құстарды шақырады. Еңбек: Құстарға ұя жанын тазалау. Тіл дамыту: Құс, жем, нан, ұя. Экология: Табиғатқа қамқорлық. Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №14 Тақырып: «Жануарларды танимыз» Мақсаты: Қысқы жануарлармен таныстыру. Бөлмеде: Қоян, аю, түлкі суреттерін көрсету. Далада: Із қалдыру арқылы “кім өтті?” ойынын ойнау. Ойын: «Аю ұйықтап жатыр» Барысы: Балалар аюды оятпай, жай жүріп өтеді. Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №15 Тақырып: «Ағаштарға көмектесеміз» Мақсаты: Экологиялық тәрбиені қалыптастыру. Бөлмеде: Ағаштың суретін қарап, жапырақтардың жоқ екенін айту. Далада: Ағаш бұтақтарындағы қарды сілкілеу. Ойын: «Ағашты қорғаймыз» Барысы: Балалар “ағашқа қар көп түспесін” деп сілкілейді. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)

Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Жеке баламен жұмыс	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Шығармашылық дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы: Дөңгелек, ұзын пішінді заттарды суретке салады	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Іс-әрекет барысы: Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті Баланың сөздік қорына жаңа сөздер қосу, зейінін шоғырландыру.Суреттері бар кітаптар немесе карточкаларды пайдалану.Әр суретті көрсете отырып, атау: «Бұл – мысық, мысық не істеп жатыр?»Баланың суреттегі заттарды сипаттауына көмектесу.	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Сөйлеуді дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру Іс-әрекет барысы: Ересек үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 3-апта
Ортаңғы 3-жас

Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.01.2026	Сейсенбі 20.01.2026	Сәрсенбі 21.01.2026	Бейсенбі 22.01.2026	Жұма 23.01.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Жақсы сөздің бала психологиясына әсері. Ата-аналар жылы сөзді жиі қолдануды әдетке айналдырады.	Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	Үйде бірге ойнау жолдары. Ата-аналар балаларымен ойынды ұйымдастырады.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылдық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: Сөзді тыңдап түсін Міндеті: Ересек сөзін тыңдау және түсіну қабілетін дамыту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Қарапайым ауызша нұсқауларды орындау Көркем әдебиет: Қысқа әңгімеден түсінікті сөздерді қайталау Нәтиже: Балалар тыңдап,	Тақырыбы: Сөзді дұрыс айтамыз Міндеті: Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Артикуляциялық жаттығулар, К–Қ дыбысы бар сөздерді айту Көркем әдебиет: Өлең жолдарын баяу қарқында бірге айту Нәтиже: Балалар сөздерді анық айтады	Тақырыбы: Сөзді қайтала Міндеті: Сөздерді есту арқылы дәл қайталауға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тәрбиеші айтқан сөзді жекеше түрде қайталау Көркем әдебиет: Қайталанатын сөздері бар өлеңді қосылып айту Нәтиже: Балалар сөздерді дұрыс қайталайды	Тақырыбы: Тыңда да айт Міндеті: Тыңдалған сөзді түсініп айту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Сұраққа бір сөзбен жауап беру Көркем әдебиет: Мәтіннен таныс сөздерді балалармен бірге айту Нәтиже: Балалар тыңдап, жауап береді	Тақырыбы: Сөздер тізбегі Міндеті: Қарапайым сөз тіркестерін айтуға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Жекеше зат есімдермен қысқа тіркестер құрау Көркем әдебиет: Сөз тіркестері кездесетін өлең жолдарын қайталау Нәтиже: Балалар қарапайым сөз тіркестерін айта алады

	тапсырманы орындай алады Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті
Таңертенгі жаттығу	№11 жаттығу Балалар бір-бірінің иығынан ұстап, кішкентай топпен жүреді. Белгіде тоқтап, алға-иықтарын еңкейтіп созылады.	№8 жаттығу Балалар қолдарын алдына созып, шеңбер бойымен жүреді. Тоқтағанда қолдарын екі жаққа созып «қанат» қимылын жасайды.	№12 жаттығу Балалар қолдарын беліне қойып, түзу сызық бойымен жүріп өтеді. Белгіде қолдарын жоғары көтеріп, алақандарын біріктіреді.	№13 жаттығу Балалар жұптасып, бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер ішінде жүреді. Тоқтағанда арқаларын түйістіріп, отырып тұрады.	№14 жаттығу Балалар «қоян» сияқты тізелерін бүгіп, жеңіл секіріп жүреді.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі Тақырыбы: Дыбыстарды анық айтамыз Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру Іс-әрекеті: Артикуляциялық жаттығулар орындалады. Тәрбиеші сөздерді анық айтып, балаларға қайталайды. Балалардың дыбыстарды дұрыс айтуына назар аударылады Нәтиже: Балалар сөздерді анық айтуға тырысады "Қауіпсіздік ережелері" Мақсаты: Балаларды тұрмыста қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Ойын:	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Арқанмен сенімді жүру Міндеті: Арқаннан ұстап жүру дағдысын бекіту Іс-әрекеті: Балалар арқаннан ұстап алға және артқа қарай жүреді. Қимыл кезінде дене қалпын сақтау қадағаланады Нәтиже: Балалар арқанмен сенімді жүре алады Қауіпсіздік «Қауіпсіз – қауіпті» суреттерді көрсету Алма, доп – қауіпсіз От, өткір пышақ – қауіпті Балалар дұрыс суретті көрсету	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Қырлы тақтай бойымен қозғалу Міндеті: Тепе-теңдікті сақтай отырып жүруді жетілдіру Іс-әрекеті: Балалар қырлы тақтайдың бойымен бірінен соң бірі жүреді. Арқанмен жүру жаттығуы қайталанатын Нәтиже: Балалар тепе-теңдікті сақтап жүре алады Үнемдеу «Заттарды ұқыпты ұстайық» “Бүтін ойыншық жақсы ма, сынған ба?” сұрағы қойылады. Балалар ойыншықтарды орнына қояды, жинайды. Ойын: «Ойыншықтарды орнына апар».	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Бағытты өзгертіп жүгіру Міндеті: Жүгіру кезінде бағытты өзгерту дағдысын дамыту Іс-әрекеті: Балалар алға, оңға, солға қарай жүгіреді. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу орындалады Нәтиже: Балалар бағытты өзгертіп еркін жүгіреді Өрт кезінде қауіпсіздік сақтау Іс-әрекет: «Отқа жолама» ойынын ойнау, қолды жоғары көтеріп шығу жаттығуы. Ұлттық құндылық: «От – досың да, қасың да» мақалын қайталау.	Музыка Тақырыбы: Музыка көңіл-күйі Міндеті: Музыканың көңіл-күйін сезінуге үйрету Іс-әрекеті: Мұңды және көңілді музыкалық үзінділер тыңдатылады. Балалар әуеннің көңіл-күйін мимика және қимыл арқылы көрсетеді. Көңілді ән хормен айтылады Нәтиже: Балалар музыканың көңіл-күйін сезінеді Адал азамат біртұтас тәрби негізінде Міндеті: Достық қарым-қатынас құқығын білу. Іс-әрекет барысы: «Досыма көмектесемін» ойыны – жұптасып ойнау

	"Қауіпті/қауіпсіз" Балаларға түрлі заттардың суреттерін (өткір пышақ, ыстық шәйнек, жұмсақ ойыншық, қалам) көрсетеді. Олар қауіпті заттарды атап, неге қауіпті екенін айтады. Үйде қауіпті заттарды көрсетіп, оларға жақындамау керектігін есте сақтау.				
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бөтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйрететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	Серуен картотекасы №21 «Қар үстінде із қалдырамыз» Мақсаты: Қардың қасиетін зерттеу, қозғалыс белсенділігін арттыру. Барысы: Балалармен бірге қар үстінде түрлі із қалдыру: аяқ, қол, шана ізі. Тәрбиеші: “Қараңдаршы, сенің ізің үлкен бе, кішкентай ма?” — деп салыстыруға жетелеу Эксперимент: Қарды басқан ізге жылы ауа тигенде еруін байқау.	Серуен Картотекасы№13 Міндеті: Достыққа тәрбиелеу. Іс-әрекеттер барысы: «Жел соқты» ойыны. Балалар жан-жаққа тарап, қайта шеңберге жиналады. Бір-бірін итермеу, жүгіргенде абай болу. Желдің әсерін түсіндіру. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	Серуен картотекасы№22 Қардан нан пісірейік» (рөлдік ойын) Мақсаты: Ұсақ моторика мен елестету қабілетін дамыту. Барысы: Балалар совокпен қар жинап, “нан”, “торт” жасап ойнау Тәрбиеші: “Қанекей, бәріміз наубайшы болайық!” — дейді. Тіл дамыту: Ұн, қамыр, нан, дәмді. Еңбек: Ойыннан соң құралдарды тазалау. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту	Серуен картотекасы№23 «Күн жылы ма, суық па?» Мақсаты: Табиғаттағы ауа райын байқау. Барысы: балалармен бірге күнге қарап, жылу сезінуін сұрау Эксперимент: Мұз бен қарды салыстыру (мұз қатты, қар жұмсақ). Қорытынды: “Күн шықса, мұз ериді.” Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы№24 «Шанамен сырғанайық» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Барысы: Балалар шанамен сырғанайды, бір-бірін итеру Заттық әрекет: Машинаны итеру, шананы тарту. Тәрбиеші: “Шананы қатты тартпа, абай бол.” Эмоция: Қуаныш, сергіту. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру

	Еңбек: Қармен қоршау бойын тазалау. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру		еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру		
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Баламен жеке жұмыс	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Шығармашылық дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар ермексазды илеп, біріктіру арқылы ойыншық мүсіндейді	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Қимыл дағдыларын жетілдіру Іс-әрекет барысы: Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Балаға әртүрлі ойыншықтарды санау немесе пішіндерді салыстыру ұсынылады. Мысалы, бірнеше доптарды санату, санға байланысты тапсырмалар беру.	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Балаға табиғаттағы заттарды (ағаштар, гүлдер, жануарлар) суреттері арқылы таныстырып, оларды сипаттауды сұрайды.	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Балаға қарапайым ритмдер (шапалақтау, дауыспен қайталау) көрсетіледі, бала оны қайталауы тиіс. Мысалы, жеңіл әуендерге қосылып ән айту.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу білім беру процесі

2025-2026 оқу жылы

Қаңтар 4-апта

Ортаңғы 3-жас

Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.01.2026	Сейсенбі 27.01.2026	Сәрсенбі 28.01.2026	Бейсенбі 29.01.2026	Жұма 30.01.2026
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен күтіп алу, әр баланы атымен атап, үйде нестеді, немен айналысты, демалыста қайда қыдырды сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Балалар жиналған соң ҚР гимн орындату	Баланы есік алдында күлімдеп қарсы алу. Қолын ұстап, топқа бірге кіру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің» Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту	Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Психологтың кеңесі: Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Ата-аналармен әңгіме: Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Ата –аналармен әңгіме: Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылдық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: Көркем сөзді тыңдаймыз Міндеті: Көркем мәтінді тыңдауға қызығушылық арттыру Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тыңдау барысында назар аудару Көркем әдебиет: Мәнерлі үзінділерді қайталап айту Нәтиже: Балалар көркем мәтінді қызығушылықпен тыңдайды Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырыбы: Сөзді есте сақтаймыз Міндеті: Есту арқылы есте сақтау қабілетін дамыту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Қайталап айту арқылы сөзді бекіту Көркем әдебиет: Қайталамасы бар мәтінді қосылып айту Нәтиже: Балалар сөздерді есте сақтайды Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырыбы: Мен тыңдай аламын Міндеті: Тыңдау мәдениетін қалыптастыру Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тәрбиешіні бөлмей тыңдау Көркем әдебиет: Мәтіннің ең қызықты бөлігін бірге айту Нәтиже: Балалар тыңдау ережесін сақтайды Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырыбы: Сөзді анық айт Міндеті: Сөздің дыбыстық мәдениетін бекіту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Дыбыстарды анық айтуға жаттығу Көркем әдебиет: Мәнерлі сөздерді хормен айту Нәтиже: Балалар сөздерді анық айтады Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырыбы: Сөз бен дыбыс Міндеті: Сөз ішіндегі дыбысты тану Іс-әрекеті: Тіл дамыту: К және Қ дыбысы бар сөздерді табу Көркем әдебиет: Дыбысы бар сөздерді мәтіннен қайталау Нәтиже: Балалар сөз ішіндегі дыбысты ажыратады Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті
Танертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу №15 Қысқа қашықтыққа адымдап жүгіру. Екі аяқпен жерден жоғары секіру. Бір қадам алға адымдап, қайта артқа жүгіру.	Таңғы жаттығу №16 Жүгіру және баяу жүру кезінде ырғақты ұстап, қадамдарды үйлестіру. Қолды алға қарай созып, кейін қайта алып келу. Балалармен бірге шеңбер жасап жүгіру және қолды сілкі. Музыкамен би қимылдарын орындау.	Таңғы жаттығу №17 Бір қадам алға адымдап, артқа жүгіру. : Арқанның үстінен жүріп, тепе-теңдік сақтап жүру. Шаршының ішіне аяқпен қадам басып өту.	Таңғы жаттығу №18 Екі аяқпен жерге жоғары секіріп, төмен түсіп, қайта секіру. Бір орыннан секіріп, соңында тұрып жаттығу. Қолды жоғары көтеріп, аяқпен сермеу. Жеңіл жаттығуларды орындап, денені қыздыру.	Таңғы жаттығу №19 Жүгіру және баяу жүру кезінде ырғақты ұстап, қадамдарды үйлестіру. : Қолды алға қарай созып, кейін қайта алып келу. Балалармен бірге шеңбер жасап жүгіру және қолды сілкі. Музыкамен би қимылдарын орындау.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау

Кесте бойынша ҮІӨ	Қазақ тілі Тақырыбы: Жануарлар әлемі Міндеті: Жануарлардың атауларын дұрыс айту арқылы сөздік қорды дамыту Іс-әрекеті: Тәрбиеші жануарлардың суреттерін көрсетіп, атауларын айтқызады. Балалар жануарларды танып, атын дұрыс айтуға жаттығады Нәтиже: Балалар жануарлардың атауларын дұрыс айтады «Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек" Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету.	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Доппен әрекет Міндеті: Домалату және қағып алу дағдыларын жетілдіру Іс-әрекеті: Балалар допты домалатады, қағып алады. Жұппен жұмыс ұйымдастырылады Нәтиже: Балалар доппен үйлесімді әрекет етеді Қауіпсіздік Сурет көрсетіп: “Мына затқа жақындауға бола ма?” деп сұрайды. Ойын: «Қауіпсіз – қауіпті» (балалар қол көтереді).	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Нысанаға лақтыру Міндеті: Оң және сол қолмен тік нысанаға лақтыруды үйрету Іс-әрекеті: Балалар допты 1,2 м биіктіктегі нысанаға лақтырады. Лақтыру алдында дұрыс тұру ережесі көрсетіледі Нәтиже: Балалар нысанаға лақтыруды орындай алады Үнемді пайдалану "Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету) Өткізу барысы: Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.	Дене тәрбиесі Тақырыбы: Еңбектеу жаттығулары Міндеті: Еңбектеу дағдыларын дамыту Іс-әрекеті: Балалар доғаның астымен еңбектеп өтеді. Қимылдар баяу және қауіпсіз орындалады Нәтиже: Балалар еңбектеуді дұрыс орындайды Қаржылық сауаттылық – сандық Іс-әрекет: Ақшаны сандыққа жинау ойыны. Ұлттық құндылық: «Тиыннан теңге құралады».	Музыка Тақырыбы: Әнді дұрыс айтамыз Міндеті: Ән айту кезінде дауысты дұрыс қолдануға үйрету Іс-әрекеті: Дауысқа арналған жаттығулар орындалады. Әнді тәрбиешімен бірге бастап, соңына дейін айтуға жаттығады. Дыбысты анық, біркелкі айтуға көңіл бөлінеді Нәтиже: Балалар әнді дұрыс, анық айтуға талпынады Табиғатты қорғау Іс-әрекет: Қоқысты қоқыс жәшігіне салу. Ұлттық құндылық: «Таза ел – дені сау ел».қайталату Адалдық әліппесі Қуыршақтың қолғап киюге көмектесуін ұйымдастыру.“Кім досына көмектесті?” сұрағы қойылады. Ойын: «Қолынды бер, көмектесейік!»
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бөтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде).	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйрететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту

		балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу			
Серуен	Серуен картотекасы №28 «Қар түйіршіктерін санайық» Мақсаты: Нәзік моториканы және санау дағдысын дамыту. Барысы: Балалар тәрбиешімен бірге алақанына түскен қар түйіршіктерін санау Тіл дамыту: Көп, аз, қар, суық. Эксперимент: Қар алақанда тез ериді. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №29 «Жел ұшырып кетті» Мақсаты: Жел құбылысын бақылау. Барысы: Балалар жеңіл маталарды (орамал, шарша) ұстап, жел соққанда қалай қозғаларын көру Эксперимент: Желдің күшін сезіну. “Жел қатты соқса, біз қалай тұрамыз?” Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №30 «Қар тазалаймыз» (еңбек сабағы) Мақсаты: Қарапайым еңбек дағдыларын дамыту, ұжыммен жұмыс. Барысы: Балалар шағын күректермен жолдағы қарды тазалау “Жолды бірге тазалайық!” Құралдар: Кішкентай күрек, совок. Тәрбие: Еңбек сүйгіштік, ұжымшылдық. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №31 «Біздің іздер» Мақсаты: Із қалдыру мен бақылау қабілетін дамыту. Барысы: Балалар өз іздерін салыстырады. “Кімнің ізі үлкен?”, “Кімнің жеңіл?” Заттық әрекет: Қарау, салыстыру. “Қар үстінде неше түрлі із бар!” Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №32 «Қарға сурет саламыз» Мақсаты: Шығармашылық қабілетті дамыту. Барысы: Балалар таяқшамен немесе қолмен қар бетіне сызықтар, шенберлер салу “Қарашы, кімнің суреті әдемі?” Тіл дамыту: Сызық, дөңгелек, із. Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Жеке баламен жұмыс	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Міндет: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту Іс-әрекет барысы:	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Қимыл-қозғалысты дамыту Іс-әрекет барысы:	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Сөйлеуді дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар тәрбиешімен бірге тақпақ айтады	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Міндет: Танымдық-зияткерлік қабілеттерін жетілдіру Іс-әрекет барысы:	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Шығармашылық қабілеттерін дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар ермексаздан

	Балалар өз ата-анасын суреттен табады	Балалар қолдарын көтеріп, секіру жаттығуын жасайды		Балалар түстерді топтап, сұрақтарға жауап береді	қарапайым ойыншық жасайды
Балалардың үйге қайтуы	«Балалардың ертегілерді тыңдауы» ата аналарға арналған кеңес.	«Топта ыңғайлы аяқ киім кию» туралы ата аналармен әңгімелесу.	Балаларға денешынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметіне киім туралы айту.	«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»	Жолда жүру ережесі сақтау